

Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия

**2025-2026 оқу жылындағы
психологиялық қызметтің қыркүйек айында атқарылған жұмыс
есебі**

**Педагог-психологтар: Г.С. Қазкенова
Г.С. Байбекова
М.Қ. Қайсарбек
А.Ж. Жақсылықова**

2025-2026 оқу жылы

2025 жылдың қазан айларында мектеп психологы ретінде мен 4 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Бұл зерттеу оқушылардың эмоционалды және әлеуметтік жағдайын бағалауға, сыныптағы психологиялық климатты анықтауға және қажетті қолдауды көрсетуге бағытталған. Зерттеу барысында әр сыныптағы оқушылардың бейімделу деңгейі анықталып, нәтижелері келесідей бөлінді: толық бейімделген, жартылай бейімделген және диагностикадан өтпеген оқушылар. Сонымен қатар, олардың сыныптағы әлеуметтік байланыстары мен эмоциялық тұрақтылығы талданды.

Негізгі мақсаты: 4 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау; Оқушылардың эмоционалды және әлеуметтік жағдайын бағалау; Сыныптағы жалпы психологиялық климатты талдау; Қажет болған жағдайда қосымша психологиялық қолдау көрсету. Диагностика арқылы оқушылардың толық бейімделген, жартылай бейімделген және бейімделу аймағында тұрған деңгейлері анықталды.

II. Психологиялық диагностика нәтижелері

Сынып	Оқушы саны	Толық бейімделген	Жартылай бейімделген	Диагностикадан өтпеген	Қорытынды бейімделу деңгейі
4 «Б»	13	12	0	1	Жоғары
4 «В»	13	10	0	3	Жоғары
4 «Д»	16	12	1	3	Жоғары
4 «Ғ»	16	14	0	2	Жоғары
4 «Е»	14	12	1	1	Жоғары

Түсініктеме:

- Толық бейімделген оқушылар мектепке толық бейімделген, эмоционалды тұрақты, өзін-өзі сенімді бағалайды және сыныптағы қарым-қатынасы қалыпты.
- Жартылай бейімделген оқушылар қосымша психологиялық қолдауды қажет етеді.

Қорытынды

- **Толық бейімделген оқушылар саны: 60**
- **Жартылай бейімделген оқушылар саны: 2**
- **Диагностикадан өтпеген оқушылар: 10**
- Барлық сыныптарда жалпы әлеуметтік-психологиялық климат жағымды, оқушылар мектепке тез бейімделген және оқу процесіне белсенді қатысады.
- Бейімделу деңгейі жоғары болғанымен, кейбір оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды қолдауға мұқтаж екені анықталды.

3. Мектептегі білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін бағалау әдістемесі

2025–2026 оқу жылында 5-ші сынып оқушыларымен И.А. Баеваның «Мектептің білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін бағалауға арналған әдістемелері» бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың мектеп ортасына деген психологиялық қауіпсіздік сезімін, эмоционалдық жайлылығын және жалпы қанағаттану деңгейін анықтау арқылы мектептің психологиялық ахуалын бағалау.

Зерттеу нәтижелері оқушылардың психологиялық ахуалын сипаттауға, оқу процесінде қолдау қажет оқушыларды анықтауға және сыныптағы эмоционалды климатты жақсарту бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

1. Жалпы нәтижелер кестесі

Сынып	Психологиялық қауіпсіздік	Психологиялық жайлылық	Психологиялық қанағаттану	Қорытынды
5А	Жоғары – 2, Орташа – 11, Төмен – 1	Жоғары – 6, Орташа – 8, Төмен – 0	Жоғары – 7, Орташа – 7, Төмен – 0	Сынып оқушыларының басым бөлігі мектеп ортасын қауіпсіз деп қабылдайды. Эмоциялық ахуал тұрақты, жалпы қанағаттану деңгейі жоғары. Бір оқушыда (Ұлан Айзере) қауіпсіздік сезімі төмен.
5Ә	Жоғары – 4, Орташа – 15, Төмен – 3	Жоғары – 13, Орташа – 9, Төмен – 0	Жоғары – 13, Орташа – 9, Төмен – 0	Сыныптың басым бөлігі мектеп ортасын қауіпсіз деп қабылдайды. Эмоциялық жайлылық жоғары, мектеп өміріне деген қанағаттану жеткілікті жоғары. 3 оқушыда қауіпсіздік сезімі төмен.
5Б	Жоғары – 4, Орташа – 15, Төмен – 3	Жоғары – 13, Орташа – 9, Төмен – 0	Жоғары – 13, Орташа – 9, Төмен – 0	Сынып оқушыларының көпшілігі мектеп ортасын қауіпсіз деп қабылдайды. Эмоциялық ахуал жағымды, жалпы қанағаттану жеткілікті жоғары. 3 оқушыда қауіпсіздік сезімі төмен.
5В	Жоғары – 5, Орташа – 7, Төмен – 1	Жоғары – 6, Орташа – 7, Төмен – 0	Жоғары – 6, Орташа – 7, Төмен – 0	Сынып оқушыларының көпшілігі мектеп ортасын қауіпсіз деп қабылдайды. Эмоциялық жайлылық орта–жоғары, жалпы қанағаттану деңгейі орта–жоғары. Бір оқушыда қауіпсіздік төмен.
5Г	Жоғары – 1, Орташа – 6, Төмен – 0	Жоғары – 4, Орташа – 3, Төмен – 0	Жоғары – 5, Орташа – 2, Төмен – 0	Сынып оқушыларының көпшілігі мектеп ортасын қауіпсіз деп қабылдайды. Эмоциялық жайлылық орта–жоғары, мектепке деген қанағаттану деңгейі орта–жоғары.
5Д	Жоғары – 6, Орташа – 28, Төмен – 1	Жоғары – 12, Орташа – 24, Төмен – 0	Жоғары – 18, Орташа – 20, Төмен – 0	Сынып оқушыларының көпшілігі мектеп ортасын қауіпсіз деп қабылдайды. Эмоциялық жайлылық орта–жоғары, жалпы қанағаттану деңгейі орта–жоғары. Кейбір оқушылар жеке қолдауды қажет етеді.

Қорытындылар

1. Психологиялық қауіпсіздік

- Барлық сыныптарда оқушылардың басым бөлігі мектеп ортасын қауіпсіз деп қабылдайды.
- 5А, 5Д сыныптарында бір немесе бірнеше оқушыда қауіпсіздік сезімі төмен.

2. Психологиялық жайлылық

- Эмоциялық жайлылық барлық сыныптарда орта–жоғары деңгейде.
- Оқушылардың көпшілігі мектепте өздерін еркін сезінеді, сыныптағы ахуал тұрақты.

3. Психологиялық қанағаттану

- Барлық сыныптарда жалпы қанағаттану деңгейі орта–жоғары немесе жоғары.
- 5А, 5Ә, 5Б сыныптарында жартысына жуығы мектеп ортасын толық жағымды деп қабылдайды.

9-сынып оқушыларының мектептегі психологиялық қауіпсіздік деңгейін бағалау мақсатында И.А. Баеваның мектептің білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін анықтауға арналған әдістемесі қолданылды. Зерттеу барысында оқушылардың өзін-өзі сезінуі, эмоционалды жайлылығы, мұғалімдер мен құрдастар тарапынан қолдау деңгейі, психологиялық қысым немесе қауіп факторларының бар-жоғын анықтау арқылы мектеп ортасының психологиялық ахуалы бағаланды.

Сынып	Психологиялық қауіпсіздік	Психологиялық жайлылық	Психологиялық қанағаттану	Қауіп-қатер аймағындағы оқушылар саны
9А	Жоғары – 2 (14%), Орташа – 11 (78%), Төмен – 1 (7%)	Жоғары – 6 (42%), Орташа – 8 (57%), Төмен – 0	Жоғары – 7 (50%), Орташа – 7 (50%), Төмен – 0	1
9Ә	Жоғары – 4 (18%), Орташа – 15 (68%), Төмен – 3 (14%)	Жоғары – 13 (59%), Орташа – 9 (41%), Төмен – 0	Жоғары – 13 (59%), Орташа – 9 (41%), Төмен – 0	3
9Б	Жоғары – 4 (18%), Орташа – 15 (68%), Төмен – 3 (14%)	Жоғары – 13 (59%), Орташа – 9 (41%), Төмен – 0	Жоғары – 13 (59%), Орташа – 9 (41%), Төмен – 0	3
9В	Жоғары – 5 (38%), Орташа – 7 (54%), Төмен – 1 (8%)	Жоғары – 6 (46%), Орташа – 7 (54%), Төмен – 0	Жоғары – 6 (46%), Орташа – 7 (54%), Төмен – 0	1
9Г	Жоғары – 1 (14%), Орташа – 6 (86%), Төмен – 0	Жоғары – 4 (57%), Орташа – 3 (43%), Төмен – 0	Жоғары – 5 (71%), Орташа – 2 (29%), Төмен – 0	3
9Ғ	Жоғары – 6, Орташа – 28 (74%), Төмен – 1	Жоғары – 12, Орташа – 24, Төмен – 0	Жоғары – 18, Орташа – 20, Төмен – 0	1

4. Оқу мотивациясын зерттеу әдістемелері

2025–2026 оқу жылында мектептің 5-сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін анықтау мақсатында М.Р. Гинзбургтің «Бастауыш сынып оқушыларында оқыту мотивациясын зерттеу» әдістемесі негізінде психологиялық диагностика жүргізілді. Зерттеуге 5А, 5Ә, 5Б, 5В, 5Г, 5Ғ және 5Д сынып оқушылары қатысты. Диагностиканың негізгі мақсаты – оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын, ішкі мотивациясының қалыптасу деңгейін және оқу үдерісіне психологиялық бейімделуін анықтау болды.

5-сыныптар бойынша оқу мотивациясының деңгейлері

Сынып	Өте жоғары деңгей (41–49 балл)	Жоғары деңгей (33–40 балл)	Орташа деңгей (25–32 балл)	Төмен / төмендеу деңгей	Ескертпе
5А	5 оқушы	8 оқушы	0	0	—
5Ә	10 оқушы	12 оқушы	0	0	—
5Б	8 оқушы	11 оқушы	2 оқушы	0	1 оқушы диагностиканы аяқтамаған
5В	3 оқушы	9 оқушы	1 оқушы	0	—
5Г	3 оқушы	3 оқушы	0	0	—
5Ғ	2 оқушы	1 оқушы	0	0	—
5Д	5 оқушы	2 оқушы	1 оқушы	0	—

Жүргізілген психологиялық диагностика нәтижелері 5-сынып оқушыларының оқу мотивациясының жалпы деңгейі жоғары екенін көрсетті. Зерттеуге қатысқан сыныптардың басым бөлігінде оқу мотивациясының **жоғары және өте жоғары деңгейлері** анықталды. Бұл оқушылардың оқу әрекетіне оң көзқарасының қалыптасқанын, танымдық қызығушылықтарының тұрақты екенін және білім алуға ішкі уәжінің жеткілікті деңгейде дамығанын білдіреді. Төмен немесе төмендеу деңгейдегі оқу мотивациясы бар оқушылар анықталған жоқ. Бұл жағдай оқу үдерісінің тиімді ұйымдастырылғанын, сыныптардағы психологиялық ахуалдың қолайлы екенін және педагогикалық ықпалдың нәтижелі екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері 5-сынып оқушыларының оқу мотивациясы жас ерекшеліктеріне сай қалыптасқанын және оқу үдерісіне сәтті бейімделгенін көрсетті.

10 сынып – Спилберг-Андреева әдістемесі

- **Мақсаты:** Орта және жоғары сынып оқушыларының оқу мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасын зерттеу
- **Қатысқандар:** 10 сынып оқушылары, сынып жетекшілері
- **Жүргізу әдісі:** Сауалнама арқылы оқушылардың оқу мотивациясы, эмоциялық қатынасы және пәнге деген қызығушылығы зерттелді.
- **Нәтиже:** Мотивация деңгейі анықталды, мотивацияны арттыру бойынша педагогтерге ұсынымдар берілді.

5. Зорлық-зомбылықты анықтау бойынша жедел сауалнама

- **Мақсаты:** Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық жағдайларын анықтау
- **Мақсатты топ:** 2-11 сынып

«Саған қалай қарайды» сауалнамасы нәтижелері (4-сыныптар бойынша біріктірілген кесте)**

Сынып	Оқушы саны	Қолдау сезімі жақсы (%)	Қорғалмағанын сезінеді (%)	Қақтығыс болмаған (%)	Эмоционалды/физикалық қақтығыс бар (%)	Әрқашан өзін қауіпсіз сезінеді (%)	Қосымша қолдау қажет (%)
4Ә	24	83%	8%	71%	29%	79%	21%
4Б	18	83%	11%	69%	31%	61%	39%
4В	18	72%	11%	69%	31%	61%	39%
4Ғ	17	72%	11%	69%	31%	61%	39%
4Д	16	75%	12%	56%	44%	69%	31%
4Е	12	75%	12%	56%	44%	69%	31%

Қорытынды

«Саған қалай қарайды» сауалнамасының нәтижелері бойынша 4-сынып оқушыларының көпшілігі өз сыныптастарымен жақсы қарым-қатынас жасап, қолдауды сезінеді. Көпшілік оқушылар өзін қауіпсіз және қорғалатын ортада сезінеді, бұл сыныптағы әлеуметтік орта мен психологиялық ахуалдың тұрақтылығын көрсетеді. Алайда шағын топта оқушыларда қорғалмаушылық сезімі, эмоционалды мазасыздық және кейде эмоционалды немесе физикалық қақтығыстар байқалды. Бұл оқушыларға жеке және топтық психологиялық қолдау қажет екенін көрсетеді.

Жалпы, зерттеу нәтижелері сыныптағы әлеуметтік және эмоционалды ортаның қанағаттанарлық деңгейде екенін растайды, әрі алдағы психологиялық-педагогикалық жұмыстарды жоспарлауда негіз бола алады.

«Саған қалай қарайды» сауалнамасы нәтижелері (5-сыныптар бойынша біріктірілген кесте)

Сынып	Оқушылар саны	Өте жоғары деңгей (41–49)	Жоғары деңгей (33–40)	Орташа деңгей (25–32)	Төмендеу/төмен деңгей	Аяқтамаған	Бас тартқан	Талдау қысқаша
5А	18	5	8	0	0	0	0	Танымдық қызығушылық тұрақты, белсенділік

																	жоғары, оқу әрекеті оң.
5Ә	22	10	12	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	Оқу мотивациясы қалыптасқан, белсенділік жеткілікті.
5Б	22	8	11	2	0	0	0	1	0	1	0	0	0	0	0	0	Жеке қолдау қажет кейбір оқушылар бар, жалпы мотивация жақсы.
5В	17	3	9	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	Кейбір оқушылар мотивациясын тұрақты ұстамайды, қосымша қолдау қажет.
5Г	7	3	3	0	0	0	0	1	0	1	0	0	0	0	0	0	Жеке мотивациясы жоғары, кейбір оқушы диагностикадан бас тартқан.
5Ғ	8	2	1	0	0	0	0	3	0	3	0	0	0	0	0	0	Мотивация жоғары, кейбір оқушы аяқтамаған немесе бас тартқан.
5Д	12	5	2	1	0	0	0	4	0	4	0	0	0	0	0	0	Күрделі тапсырмаларға дайын, кейбір оқушыларға қосымша қолдау қажет.
5Е	19	10	4	1	0	0	0	2	0	2	0	0	0	0	0	0	Көпшілігі белсенді, мотивация тұрақты, кейбір оқушыларға жеке жұмыс қажет.

«Саған қалай қарайды» сауалнамасы нәтижелері
(6-сыныптар бойынша біріктірілген кесте)

Сынып	Оқушылар саны	Әлеуметтік қарым-қатынас (қолдау) –	Ошажақымынас	Жаман/қорғалмаған	Эмоционалды зорлық	Физикалық зорлық	Зорлық болмаған	Мәселені шешу – Психологқа	Атана	Достар	Өзім	Интернет	Директор	Ешкім/басқа	Қорғалудың сезімі – Иә	Толық сезінбеймін	Жоқ
-------	---------------	-------------------------------------	--------------	-------------------	--------------------	------------------	-----------------	----------------------------	-------	--------	------	----------	----------	-------------	------------------------	-------------------	-----

		Жақсы, түсінеді																
6А	20	18 (90%)	1 (5%)	1 (5%)	2 (10%)	2 (10%)	–	1 (5%)	10 (50%)	4 (20%)	4 (20%)	1 (5%)	1 (5%)	–	15 (75%)	4 (20%)	1 (5%)	
6Ә	16	15 (93.7%)	1 (6.3%)	0	2 (12.5%)	4 (25%)	10 (62.5%)	1 (6.3%)	8 (50%)	0	3 (18.7%)	1 (6.3%)	2 (12.5%)	1 (6.3%)	12 (75%)	3 (18.7%)	1 (6.3%)	
6Б	12	15 (93.7%)	1 (6.3%)	0	2 (12.5%)	4 (25%)	10 (62.5%)	1 (6.3%)	8 (50%)	0	3 (18.7%)	1 (6.3%)	2 (12.5%)	1 (6.3%)	12 (75%)	3 (18.7%)	1 (6.3%)	
6В	14	10 (71.4%)	2 (14.3%)	2 (14.3%)	4 (28.6%)	1 (7.1%)	9 (64.3%)	2 (14.3%)	6 (42.9%)	2 (14.3%)	2 (14.3%)	–	1 (7.1%)	1 (7.1%)	9 (64.3%)	2 (14.3%)	3 (21.4%)	
6Г	16	11 (78.6%)	2 (14.3%)	1 (7.1%)	2 (14.3%)	3 (21.4%)	9 (64.3%)	1 (7.1%)	8 (57.1%)	0	2 (14.3%)	–	1 (7.1%)	2 (14.3%)	10 (71.4%)	2 (14.3%)	2 (14.3%)	

6. Социометрикалық зерттеу (Дж. Морено)

- **Мақсаты:** Оқушылар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас, достық және қарсыластық қатынастарын анықтау
- **Жүргізу әдісі:** Оқушыларға сыныптағы достық және қарым-қатынас байланысын бағалау сауалнамасы жүргізілді.
- **Нәтиже:** Әр сыныптың социометриялық жағдайы талданды; әлеуметтік қарым-қатынасты жақсарту бойынша ұсынымдар берілді.

Сынып	Барлығы оқушылар саны	Көшбасшылар саны	Танымал саны	Қабылданған саны	Бейтарап саны	Оқшауланған саны	Қабылданбаған саны	Психологиялық қорытынды
4Ә	26	5	6	Көбі	–	2	2	Көпшілік «қабылданған» және «танымал». Қабылданбаған оқушыларға психологиялық қолдау қажет, әлеуметтік

								интеграцияны күшейту ұсынылады.
4Б	23	2	1	8	1	3	1	Көпшілік «қабылданған». Әлеуметтік белсенділігі төмен оқушыларға қосымша қолдау қажет, топқа қатыстыру жолдары қарастырылуы тиіс.
4Ғ	18	5	3	5	1	1	3	Көшбасшылар мен танымал оқушылар бар. Қабылданбаған және оқшауланған оқушыларға психологиялық қолдау мен әлеуметтік интеграция ұсынылады.
4Е	24	6	2	9	1	–	1	Көпшілік «қабылданған». Қабылданбаған оқушыларға психологиялық қолдау қажет. Белсенділік пен өзара қарым-қатынас дағдыларына назар аудару ұсынылады.

Сыныптағы зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың басым бөлігі әлеуметтік ортаға бейімделген, өзара қарым-қатынасы үйлесімді. Көшбасшылар мен танымал оқушылар сынып ұжымында белсенді рөл атқарады. Кейбір оқушылар әлеуметтік белсенділігі төмен, сол себепті оларға топтық іс-шаралар арқылы психологиялық қолдау қажет. Жалпы, сыныптағы эмоционалды және әлеуметтік орта тұрақты және қолайлы деп бағаланады.

7. Жалғыздық деңгейін диагностикалау (Д. Рассел, М. Фергюсон)


- **Мақсаты:** 10-11 сынып оқушыларының жалғыздық сезім деңгейін анықтау
- **Қатысқандар:** Педагог-психологтар, сынып жетекшілері
- **Жүргізу әдісі:** Сауалнама арқылы субъективті жалғыздық деңгейі зерттелді.
- **Нәтиже:** Жалғыздыққа бейім оқушылар анықталды, жеке психологиялық қолдау бойынша ұсынымдар берілді.

II. Түзету-дамыту жұмысы

Қазан айында мектеп психологы төмендегі түзету-дамыту жұмыстарын жүзеге асырды:

1. «Психологиялық қонақ бөлмесі»: «17 қадам» сыныптағы жанжалды шешу алгоритмі (А.Я. Анцупов бойынша)

Бұл бағдарлама 5-7 сынып оқушылары арасында қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сабақ барысында балаларға сыныптағы жанжалды жағдайларды шешудің тиімді жолдары үйретілді, өзара түсіністік пен сенім атмосферасы нығайтылды. Жанжалды шешу бойынша дағдыларды дамыту нәтижесінде сынып ішіндегі қақтығыстар саны азайды, оқушылардың өз пікірін дұрыс жеткізу қабілеті артты.



2. «Өзіңмен де, өзгелермен де бейбіт өмір сүру» — тренинг сабағы

Тренинг 5-7 сынып оқушыларына бағытталған және сынып ұжымының бірлігін қалыптастыруға арналған. Сабақ барысында балалардың өзара қарым-қатынас мәдениеті, эмпатия және топтық ынтымақтастық қабілеттері дамытылды. Нәтижесінде сыныптағы достық және өзара қолдау атмосферасы нығайып, оқушылардың бір-біріне деген құрметі артты.



3. «Мен кімін? Мен қандаймын?» — тренинг сабағы

Бұл тренинг 6-7 сынып оқушыларына арналған және жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін дамыту және түзету мақсатында өткізілді. Сабақ барысында балалардың өзін-өзі тануы, өзіндік бағалауы және сенімділік деңгейі артты. Сонымен қатар, тренинг оқушылардың өз мінез-құлқын түсінуіне, өз мүмкіндіктері мен күшті жақтарын анықтауға, тұлғалық дамуына септігін тигізді.



Барлық тренинг сабақтар мен психологиялық түзету жұмыстарының нәтижелері бойынша талдамалық анықтамалар әзірленді, оқушылардың психологиялық дамуын қолдау бойынша ұсыныстар берілді.

III. Профилактикалық-ағартушылық жұмыс

Қазан айында мектеп психологы профилактикалық-ағартушылық бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырды. Барлық іс-шаралар жасөспірімдердің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

1. «Психологиялық қонақ бөлме»: «Шығатын жолы жоқ, жағдай болмайды» семинары

Мақсаты – жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу және қауіпсіз балалық шақты сақтау. Орта және жоғары буын мұғалімдері қатысқан семинарда педагогтарға жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлық белгілері мен алдын алу жолдары таныстырылды, практикалық ұсынымдар берілді. Нәтижесінде семинар материалдары дайындалып, ақпараттық анықтама ұсынылды, сыныптағы психологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар жасалды.



2. Ата-аналар клубы: «Жасөспірім ерекшеліктері»

Мақсаты – ата-аналарды жасөспірімдердің психологиялық дамуы және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша хабардар ету. Орта буын ата-аналары қатысқан клуб отырысында балалардың психологиялық ерекшеліктері мен эмоционалды күйін бақылау, конфликт жағдайларын шешу және қолдау көрсету әдістері түсіндірілді. Нәтижесінде ата-аналарға арналған ақпараттық парақтар, презентациялар және буклеттер дайындалды, балалардың қауіпсіз ортасын қамтамасыз етуге арналған ұсыныстар берілді.



3. Ата-аналар клубы: «Қолдау» консультациясы

Мақсаты – жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және ата-аналарға балаларды психологиялық қолдауды үйрету. Жоғары буын ата-аналары қатысқан консультацияда балалардың эмоционалды және әлеуметтік дамуын қолдау тәсілдері көрсетілді, қиын жағдайларда дұрыс әрекет ету жолдары талқыланды. Нәтижесінде консультациялар жүргізіліп, ақпараттық анықтама әзірленді, ата-аналарға балалармен тиімді қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар берілді.



4. «Өмірде бес сиқырлы «керек» бар» консультациясы

Мақсаты – жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және жасөспірімдерге өзін-өзі бақылау мен шешім қабылдау қабілетін дамыту. 8-10 сынып оқушылары қатысқан консультация барысында өмірде қажетті негізгі бес дағды мен қабілеттер түсіндіріліп, топтық және жеке тапсырмалар арқылы оқушылар жауапты шешім қабылдауды және өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауды үйренді. Нәтижесінде консультациялар жүргізіліп, ақпараттық анықтама әзірленді, оқушылардың жауапты мінез-құлыққа және сыныптағы қауіпсіз ортаға бейімделу дағдылары артты.



Қорытынды:

Қазан айында профилактикалық-ағартушылық жұмыс жоспары толық орындалып, барлық іс-шаралар жасөспірімдердің психологиялық қауіпсіздігін арттыру, ата-аналарды хабардар ету және педагогикалық ұжымға психологиялық қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды. Әрбір шара нәтижесі бойынша ақпараттық анықтамалар мен ұсынымдар дайындалды.

IV. Кеңес беру қызметі

Қазан айында мектеп психологы кеңес беру қызметін жүйелі түрде жүзеге асырды. Балалар, ата-аналар және педагогтердің жеке сұраныстары бойынша психолог әрқайсысына психологиялық көмек көрсетіп, олардың мәселелерін шешуге бағытталған жеке және топтық консультациялар өткізді. Балалар өз бастамалары бойынша және педагогтер мен ата-аналардың сұраныстары негізінде жеке кеңес алды. Сонымен қатар, әкімшілік, ата-аналар мен педагогтардың өтініштері бойынша топтық консультациялар ұйымдастырылды. Жүргізілген диагностикалық іс-шаралардың нәтижелері бойынша балалардың жеке консультациялары өткізіліп, психологиялық қолдау ұсынылды. Барлық консультациялар бойынша мәліметтер педагог-психологтың жеке консультацияларын есепке алу журналына жазылып, әрбір оқушы мен қатысушының психологиялық жағдайын бақылауға алу қамтамасыз етілді.

№	Кеңес беру түрі	Қатысқандар	Саны	Нәтиже
1	Жеке кеңес беру (өз бастамасы бойынша, педагогтер мен ата-аналардың сұраныстары бойынша)	Балалар, ата-аналар, педагогтер	29 оқушы	Психологиялық көмек көрсетілді, жеке консультацияларды есепке алу журналына жазылды
2	Топтық консультациялар (әкімшілік, ата-аналар, педагогтардың өтініштері бойынша)	Сұраулар бойынша топтар	12	Психологиялық қолдау көрсетілді, жеке консультацияларды есепке алу журналына жазылды
3	Диагностикалық іс-шаралар нәтижелері бойынша жеке консультациялар	Балалар, ата-аналар, педагогтер	32	Жеке психологиялық көмек көрсетілді, ұсынымдар берілді

V. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс

Қазан айында педагог-психолог ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты жүйелі түрде жүзеге асырды. Жаңадан келген оқушылардың жеке істері зерттеліп, психологиялық көмекті қажет ететін оқушылардың әртүрлі санаттары бойынша деректер банкі құрылды. Сонымен қатар, әдістемелік материалдар мен психологиялық қолдау бағдарламалары жинақталып, жаңартылып, ресімделді. Психологиялық зерттеу материалдары жүйеленіп, тренингтік сабақтар мен түзету бағдарламаларының әзірлемелері толықтырылды. Сондай-ақ, 1, 5 және 10 сынып оқушыларын бейімдеу бойынша жүргізілген жұмыстар талданып, бейімделу кезеңінде кураторларға оқушыларға көмек көрсету және психологиялық қолдау көрсету бойынша ұсыныстар әзірленді. Барлық мәліметтер электрондық мәліметтер базасында тіркеліп, әдістемелік қор толықтырылды.